



*«Арқалық қаласындағы облыстық № 2  
әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ  
Әдістеме-библиография бөлімі*

## *Қара тасқа тіл бітірген*



Мүсінші, суретші,  
Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі  
**Әбілбек Ұзақұлының**  
туғанына 85 жыл

*(Жаднама)*

*Арқалық 2021*

*«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми  
кітапханасы» КММ  
Әдістеме-библиография бөлімі*

## *Қара тасқа тіл бітірген*

Мүсінші, суретші,  
Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі  
*Әбілбек Ұзақұлының*  
туғанына 85 жыл  
(Жаднама)

*Арқалық 2021*

ӘОЖ 730  
КБЖ 85.133/5қаз/  
Қ 41

Құраст., компют. терген: С.Ғ.Ермағанбет  
Жауапты ред.: Ә.Қ. Ахметжанова

**Құрастырушы:** С.Ғ.Ермағанбет  
**Шығарылымға жауапты:** К.Б. Борибаева  
**Мұқабаны безендірген:** С.М. Көшкінбай  
**Редактор:** Ә.Қ. Ахметжанова

...Қара тасқа тіл бітірген [Мәтін] : (мүсінші, суретші Әбілбек Ұзақұлының туғанына 85 жыл толуына арналған) : жаднама / Арқалық қаласындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.;С.Ғ. Ермағанбет ; шығарылымға жауапты К.Б. Борибаева ; ред. Ә.Қ.Ахметжанова]. – Арқалық : [б.б.], 2021. – 32 б. : сурет. – қазақ тілінде.


...Әдістеме-библиография бөлімі мүсінші, суретші Әбілбек Ұзақұлының туғанына 85 жыл толуына арналған жаднама дайындады.

Жаднамада Әбілбек Ұзақұлының өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

**ӘОЖ 730**  
**КБЖ 85.133/5қаз/**

© С.Ғ. Ермағанбет

## *Өнерден бақытын тапқан мүсінші*



Мүсіндеу өнері қиындығы мол, алар фибраты ерекше үлкен дүние. Кескінді келістіре бейнелеуде алдына жан салмаған Ұзақұлы Әбілбек 1936 жылы 31 қазанда Аманкелді ауданы, «Рымбай» шығанағында дүниеге келген. Ол 1947-74 аралығында Аманкелді орта мектебінде оқып, сол жерде 10-шы сыныпты тәмамдады. Орта мектепті меңгерген Әбілбек Ұзақұлы 1954-55 жылдары аудан орталығындағы жүргізушілер

даярлайтын арнайы курсқа түсіп, кәсіби мамандық алып шығады.

1955-60 жылдары Аманкелді аудандық партия комитетінің хатшысының жүргізушісі болып жұмыс істейді.

1960-65 жылдары республикаға танымал суретші-мүсінші Хакімжан Наурызбаевтың ағалық қамқорлығы арқасында Алматыдағы Н.В.Гоголь атындағы суретшілік училищесіне түседі. Төрт жыл ұлы мүсіншінің үйінде жатып оқып, осы училищенің толық курсын мүсінші мамандығы бойынша 1965 жылы аяқтап шығып «суретші-мастер» дәрежесін иемденеді.

Әбілбек Ұзақұлының өнер саласындағы білімін академияда жалғастыруға қанша орайы келіп тұрса да, жанұя жағдайына байланысты білімін жалғастырудан амалсыз бас тартуға тура келеді.

Сөйтіп, 1965-97 жылдар аралығында Аманкелді аудандық мәдениет бөлімінде суретші, сахна декораторы, әрі гримдеуші болып қызмет атқарады. Сол жылдар ішінде Аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының тапсырмасымен аудан, кеңшарлар орталықтарын үгіт-насихат плакаттарымен безндіріп, еңбек озаттарының түрлі-түсті портреттерін салды. Бірнеше рет «Торғай әуендері» фестиваліне қатысып, диплом, грамоталармен марапатталған. Осы жылдар ішінде ауданның көрнекті азаматтарының, Еңбек Ерлерінің, ауыл шаруашылық озаттарының, ақын-жазушылардың, Торғай елінен шыққан өткен замандардағы халық батырларының ескерткішін жасады. Сондай - ақ ауданға қарасты кеңшарларға кіре берісте аркалар орнатып, безендіреді.

Әбілбек Ұзақұлы 1997 жылы құрметті демалысқа шығып, 1998 жылы қазан айында Арқалық қаласына көшіп келді.

Жаратылысында еңбекқор дарын иесі зейнеткерлік жаста да қарап отыра алмай, халқына қалтқысыз қызмет ете береді. 2002 жылы қала әкімінің өтінішімен әкімшілік ғимараты алдында биіктігі 6 метрлік Ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі Аманкелді Үдербайұлы Имановтың ескерткішін сомдап шығарады. Бұдан кейін де Аманкелді ауданы әкімшілігінен түскен сұраныс бойынша Кеңесары Қасымовтың Азаттық күресі жолындағы үзеңгілес достары – Қошқар, Иман, Жәуке батырлардың бюстері жасалып, аудан әкімшілігі алдына қойылады.

2007-2013 жылдары халқының азаттығы үшін күрескен Кейкі батыр, Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов пен Халық батыры Төлек Жәукенің бюстерін сомдады.

Арқалық қаласының құрметті азаматы Әбілбек Ұзақұлының ел үшін еткен еңбектері елеусіз қалған жоқ. Бірнеше мақтау грамоталары мен Алғыс хаттар айырықша жалғасын тапты. 2012 жылғы желтоқсанның 5-ші жұлдызындағы Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығы бойынша ерен еңбегі «Құрмет» орденімен бағаланды. 2014 жылы желтоқсан айында Қостанай облыстық меценаттар клубының «Қазына» сыйлығының лауреаты атанды. 2015 жылы қараша айында мүсін саласындағы көп жылғы еңбектері бағаланып, «Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі» атағы берілді.

Шамасы келгенше өмірден өткен, елін, жерін қорғаған батырлар мен халық үшін аянбай еңбек еткен, отанын шын сүйген қадау-қадау тарихи тұлғалардың бейне-мүсінің жасаумен шұғылданып, келешек жас ұрпаққа үлгі-тәрбие ретінде қолтаңбасын қалдырған Әбілбек Ұзақұлы 81 жасқа караған шағында 2016 жылы дүниеден өтті.

Торғай өңірінің терең тарихынан сыр тартқан алып тұлғалар мүсіндерін тасқа қашап сөйлеткен, 70-тен астам мүсіндеу өнерінің авторы, ел сыйлаған тұлға Әбілбек Ұзақұлының ерен еңбегі кейінгі ұрпақтың есінде сақталатынына сенімдіміз.



**Мүсінші Әлібек Ұзақов туралы басылым беттерінде  
жарияланған мақалалар тізімі:**

1. Мұздаханов, Айтбай. Тірісінде өзіне мәңгілік ескерткіш қойған : [мүсінші Әбілбек Ұзақұлы дүниеден озды] / Айтбай Мұздаханов // Аманкелді арайы. – 2016. – 23 желтоқсан. – Б. 4.
2. Ұзақұлы, Әбілбек : [қазанама] // Аманкелді арайы. – 2016. – 18 қараша. – Б. 5.
3. Жұмабеков Серік, Әбекең жампоз еді : (қоғам қайраткері Ә. Баймұханұлы туралы) / Серік Жұмабеков // Қостанай таңы. – 2016. – 26 қазан. – Б. 14.
4. Оспанова, Қарлығаш. Аханның әлемін әспеттеген [Мәтін] : [ескерткіш Әулиекөлде бой түзеді] / Қарлығаш Оспанова // Қостанай таңы. – 2016. – 7 қыркүйек. – Б. 1–2.
5. Мұздаханов, Айтбай. Тарихты тасқа қашаған [Мәтін] : [мүсінші Әбілбек Ұзақов 80 жаста] / Айтбай Мұздаханов // Қостанай таңы. – 2016. – 24 тамыз. – Б. 14.
6. Жапарұлы, Молдатай. Тарихын тасқа қашап мүсіндеген [Мәтін] : [Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі Әбілбек Ұзақұлының 80 жасқа толуы қарсаңында] / Молдатай Жапарұлы // Арқалық хабары. – 2016. – 3 маусым. – Б. 4.
7. Жүнісұлы, Мұрат. Суретшілер одағының мүшесі атанды [Мәтін] : [мүсінші Әбілбек Ұзақов туралы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2015. – 12 қараша. – Б. 3.
8. Қас таланттарға - құрмет [Мәтін] : Қостанай меценаттар клубының сыйлығы / газ. ред. ; суреттерді түсірген Айбек Жүзбай // Қостанай таңы. – 2015. – 6 қантар. – Б. 12.
9. Қойшыбай, Мұқият. Өнерден бақытын тапқан мүсінші [Мәтін] : [мүсінші Әбілбек Ұзақұлы туралы] / Мұқият Қойшыбай, // Мәдениет. – 2014. – № 9. – Б. 25–27.
10. Жәрімбетова, Нәзира. Жәуке батырға ескерткіш орнатылды [Мәтін] : [Арқалық қаласында : сурет бар] / Нәзира Жәрімбетова // Егемен Қазақстан. - 2013. – 1 қараша. – Б. 8.
11. Жүнісұлы, Мұрат, Жәуке батырға ескерткіш орнатылды [Мәтін] : [мақала] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2013. – 29 қазан. – Б. 3.
12. Айтмағамбетов, Арыстан. Кавалер ордена «Құрмет» [Мәтін] : [мүсінші Әбілбек Ұзақұлының марапаты туралы] / Арыстан Айтмағамбетов // Арқалық хабары. – 2012. – 28 желтоқсан. – Б.

1.





13. Ұзақова, Б. Елі сыйлаған, елін сыйлаған азамат, абзал әке, ардақты ата [Мәтін] : [Арқалықтық мүсінші Әбілбек Ұзақұлы туралы] / Б. Ұзақова // Арқалық хабары. – 2012. – 2 қараша. – Б. 4.
14. Қостанай облысы Торғай аймағы көрікті жерлерінің ақпаратты бағдар тізбесі=Информационно-маршрутный каталог достопримечательностей Костанайской области Торгайского региона [Мәтін] : [жолсілтеме]. - Қостанай: Шапақ, 2011. – 122 б.
15. Айқадамова, Айтолқын. Тасқа жан бітірген [Мәтін] : [мүсінші Әбілбек Ұзақов туралы] / Айтолқын Айқадамова; суретте: Ұзақов Әбілбек жары Бәтима апаймен және оның еңбектері // Қостанай таңы. – 2010. – 22 желтоқсан. – Б. 3.
16. Иманбекова, Айсұлу. Кейкі батыр [Мәтін] : [Кейкі батыр ескерткіші Арқалықта ашылды] / Айсұлу Иманбекова // Тілеуқор. – 2010. № 3. – Б. 20–22.
17. Гапбасұлы, Жәнібек. Мүсінші [Мәтін] : [мүсінші Әбілбек Ұзақов туралы] / Жәнібек Гапбасұлы // Қостанай таңы. – 2008. – 8 қазан. – Б. 7.
18. Жүнісұлы, Жақсылық. Мүсінші [Мәтін] : [өнер - өмір] / Жақсылық Жүнісұлы // Парасат. – 2001. – № 5. – Б. 24.
19. Тұрманов, Т. Мүсінші [Мәтін] : [мүсінші Әбілбек Ұзақов туралы] / Т. Тұрманов // Торғай таңы. – 1990. – 11 қараша. – Б.4.




## Ол туралы жарияланған кітаптар

«Қостанай облысы Торғай аймағы көрікті жерлерінің ақпаратты бағдар тізбесі», «Информационно-маршрутный каталог достопримечательностей Костанайской области Торгайского региона» – Қостанай: ЖШС «Шапак» баспасы, 2011. – 112 бет, – қазақша, орысша.



Торғай елі. Энциклопедия / Құраст. Т.Рсаев. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 420 бет + 16 бет түрлі түсті суретті жапсырма.

А.Ермолович, В.Захарченко, Л.Фефелова, Г.Бекмухамедова, ауд.: Ғ.Ахметчин, Х. Хийсхан, М.Қабдрахметова, А. Ибраев, Ж. Кәкімжанов, – «Қостанай облысы 80 Костанайская область. Тарих парақтары. Истории строки», Қостанай, «Издательский дом» ЖШС, 2016. – 153 б.








*Өнер секторында ұйымдастырылған көрме*

*Мирас қылып қалдырды мол мұрасын*



**Аманкелді Үдербайұлы Иманов, 2002 жыл.**  
*/Арқалық қалалық әкімшілік ғимаратының алдына орнатылған/*



**Халық батыры Кейкі /Нұрмағанбет/ Көкенбайұлы, 2010 жыл.**  
*/Дала өлкесі тарихи мұражай алдына орнатылған/*




**Ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы, 2012 жыл.**  
*/«Омка» базарының алдына орнатылған/*




**Халық батыры Төлек Жәуке, 2013 жыл.**  
*/Қалалық теміржол вокзалы алдына орнатылған/*



**«Иман батыр, Жәуке батыр, Қошқар батыр»  
мемориалдық батырлар композициясы, 2007 жыл.  
*/Аманкелді селосында А.Иманов атындағы мемориалдық мұражайдың  
сол жағына орнатылған/***



**Ұстаз Бірмағанбет Қолдасбаев, 2004 жыл  
*/Б.Қолдасбаев мектебінің алдына орнатылған/***



**Аманкелді ауданынан шыққан тұңғыш энергетик  
Бөкеш Сейділдаұлы, 2004 жыл.**

*/«Аманкелді аудандық электржүйесі» мекемесі алдына орнатылған/*



**Жазушы Ақан Нұрманов, 2001 жыл**

*/Аудандық орталықтандырылған кітапхана алдына орнатылған/*



**Актер Әнуар Боранбаев, 2000 жыл.**  
*/Ә.Боранбаев мектебінің жанына орнатылған/*

## *Әбілбек Ұзақұлының жасаған мүсін жұмыстарының тізімі:*

1. Шалабайұлы Ұзақ, өз әкесі (Арқалық қаласы, өз үйінде 1965 ж.)
2. Торғай қызы (1963 ж.)
3. Айханов Әбілсейт, еркін күрес чемпионы (Арқалық қаласы, өз үйінде 1963 ж.)
4. Жармағанбетов Қайнекей (Жангелдин ауданы, өзі туған жерінде 1967 ж.)
5. Мұхаммеджанов Бахыт (Аманкелді ауданы, Байғабыл ауылы 1968 ж.)
6. Жандәулетов Өмірбек, Ленин орденді шопан (өз үйінде 1969 ж.)
7. Князов Серік, Ленин орденді шопан (өз үйінде 1969 ж.)
8. Қару жасап жатқан Аманкелді сарбаздары (Аманкелді селосы, орталық музей 1967 ж.)
9. Әуелбеков Еркін (өз үйінде 1971 ж.)
10. Есполов Қошан, Социалистік Еңбек Ері
11. Есполов Досан, Социалистік Еңбек Ері (Аманкелді ауданы, Қарасу ауылы, 1973 ж.)
12. Шаяндин Бейсапақ, Социалистік Еңбек Ері
13. Сыздықов Әбу, Социалистік Еңбек Ері
14. Нұржанов Әбсадық, Ауылшаруашылық үздігі (Амангелді ауданы, Қарасу ауылы 1972 ж.)
15. Ғаббасов Ш, шопан (Аманкелді ауданы, Қарасу ауылы 1969 ж.)
16. Елтебаев Төкен, күйші-сазгер (Аманкелді ауданы, Қарасу ауылы 1971 ж.)
17. Мұздаханов Айтбай, композитор (Аманкелді ауданы, Қарасу ауылы 1971 ж.)
18. Оташев Сабыржан, Үздік ұстаз (Аманкелді ауданы, Қарасу ауылы 1971 ж.)
19. Есенбаев Сәт, ақын (Аманкелді ауданы, Қарасу ауылы 1973 ж.)
20. Нарынбаев Қамза, Еңбек Ері (Жангелдин ауданы, Торғай ауылы 1975 ж.)
21. Тұрманов Әбжан, Еңбек Ері (Жангелдин ауданы, Торғай ауылы 1975 ж.)
22. Иманов Амангелді (Аманкелді селосы, орта мектеп 1974 ж.)
23. Нұржанов Әбсадық, ауылшаруашылық үздігі, (өз үйінде 1973 ж.)
24. Қошқар батыр (Аманкелді ауданы, Қабырға ауылы 1970 ж.)
25. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгер жерлестерге ескерткіш (Аманкелді ауданы, Байғабыл ауылы 1970 ж.)
26. Қалдиұлы Сейтжан (Аманкелді ауданы, Қосжан ауылы 1994 ж.)
27. Қосжан, би (Аманкелді ауданы, Қосжан ауылы 1998 ж.)
28. Жаманқұлов (өз үйінде 1973 ж.)



29. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгер жерлестерге ескерткіш (Аманкелді ауданы, Қарасу ауылы 1977 ж.)
30. 1932 жылғы аштықта қайтқан адамдарға ескерткіш (Аманкелді ауданы, Қарасу ауылы 1978 ж.)
31. Дүйсекеев Таңатқан, Күрестен Қазақстан чемпионы (өз үйінде 1973 ж.)
32. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерге ескерткіш (Аманкелді ауданы, Иманов ауылы 1980 ж.)
33. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерге ескерткіш (Аманкелді ауданы, Иманов ауылы 1990 ж.)
34. Жол жиегіне арка (Аманкелді ауданы, Байғабыл ауылы 1980 ж.)
35. Тілеулин Тарғынбек, Социалистік Еңбек Ері (Аманкелді селосы, өз үйінде 1981 ж.)
36. Жол жиегіне арка (Аманкелді ауданы, Қарасу ауылы 1985 ж.)
37. Нұржанов Әбсадық, ауылшаруашылық үздігі, (Аманкелді ауданы, Қарасу ауылы 1980 ж.)
38. Қошқар батыр (Аманкелді ауданы, Қабырға ауылы 1980 ж.)
39. Әлшорин Шменбай, (Аманкелді ауданы, өз үйінде 1993 ж.)
40. Шақшақ Жәнібек батыр (Торғай селосы, орталық музей 1993 ж.)
41. Сот портреті (Қостанай қаласы, өз үйінде 1999 ж.)
42. Байтұрсынов Ахмет, (Қостанай қаласы, театр 1997 ж.)
43. Елтебаев Төкен, сазгер- домбырашы (Аманкелді ауданы, мәдениет бөлімі 1985 ж.)
44. Жәнібеков Өзбекәлі (Арқалық қаласы, музей 1999 ж.)
45. Боранбаев Әнуар, ҚР еңбегі сіңген әртісі (Аманкелді селосы, мектеп 2000 ж.)
46. Иман батыр (Аманкелді селосы, музей 2000 ж.)
47. Шаяхметов Қарауылбек, алғашқы электрик (Аманкелді селосы, Электр жүйесі мекемесі 2004 ж.)
48. Сейділдин Бөкеш, алғашқы электрик (Аманкелді селосы, Электр жүйесі мекемесі 2004 ж.)
49. Нұрманов Ақан, жазушы (Аманкелді селосы 2001 ж.)
50. Байтұрсынов Ахмет (Торғай қаласы)
51. Дулатов Міржақып (орталық музей)
52. Қолдасбаев Бірмағанбет, ұстаз (орта мектеп 2003 ж.)
53. Исабеков Тайшыман (Аманкелді селосы, орталық стадион 2005 ж.)
54. Нұрманов Ақан, жазушы (Аманкелді ауданы, Байғабыл ауылы 2000 ж.)





- 55.Иманов Амангелді, халық батыры (Арқалық қаласы, қалалық әкімшілік алды 2002 ж.)
- 56.Қошқар батыр (Аманкелді селосы, әкімшілік алды 2007 ж.)
- 57.Иман батыр (Аманкелді селосы, әкімшілік алды 2007 ж.)
- 58.Жәуке батыр (Аманкелді селосы, әкімшілік алды 2007 ж.)
- 59.Ермағанбетов Әнуарбек (Арқалық қаласы, өз үйінде 2009 ж.)
- 60.Ким Чер (Арқалық қаласы, өз үйінде 2010 ж.)
- 61.Кейкі батыр (Арқалық қаласы, музей 2010 ж.)
- 62.Қоңқабаев Аңсаған, совхоз директоры, ҚР депутаты (Жангелдин ауданы, мектеп музейі 17 тамыз, 2010 ж.)
- 63.Дулатов Міржақыптың 125 жылдығы (Қостанай қаласы Агроуниверситеті, қазан 2010 ж.)
- 64.Байтұрсынов Ахмет, (Арқалық қаласы, 25 қазан 2012 ж.)
- 65.Төлек Жәуке батыр (Арқалық қаласы, 2013 ж.)
- 66.Ақанов Кәки Шәріпұлы (Арқалық қаласы, өз үйінде 2015 ж.)
- 67.Қосабаев Жақан (Торғай селосы)
- 68.Байтұрсынұлы Ахмет, Әуликөл ауданы
- 69.Құсайынов Сақан (эскиз)

## *Мүсінші Әбілбек Ұзақұлына арналған арнау-өлеңдер*

### **Ағаға тілек**

Тарихын тасқа қашап пішіндеген,  
Ісіңнен киелі өнер күшін көрем.  
Қолыңа дерт бермесін, қайран аға!  
Қазақтың ұлыларын мүсіндеген.

Мүсіндеген еркіндік, азаттықты  
Торғайыңды, далаңды, қазақтықты.  
Тарихымен тағдырлас туған жердің,  
Аға, сенің өнерің ғажап мықты.

Насихаттап ұлыларын өңірдің,  
Өз халқының алғысына көмілдің.  
Сәулетіне сәулет қосып еліңнің,  
Сұлулығын дәлелдедің өмірдің.

Жаба тоқып, жалған атақ кумадың,  
Талай сында құлаған жоқ туларың.  
Таланттарды дүниеге әкелген  
Көрініп тұр Байғабылда туғанын.

**Молдатай Жапарұлы,**  
ақын



## Өнер тарланы

Мұзбалағы өнердің Арқалықта  
Жағып жүр өнерімен бар халыққа.  
Әр мүсінді жасайды шын ниетпен  
Жіберердей көрініп жан салып та.

Әбілбек аға – шәкірті Хәкімжанның,  
Көп сомдайды мүсінің батырлардың.  
Аманкелді, Кейкі мен Жәуке батыр  
Келтіріп тұр бүгінде қала сәнін.

Алматыда Айханов бір керімсал  
Қостанайда Дулатов мүсіні бар.  
Арқалықта Жәнібеков бейнесі тұр  
Өнерліге болсыншы тәңірім жар.

«Құрмет белгісі» атаулы орденімен,  
«Қазына» сыйлығының иегері  
Жасыңыз жетпіс тоғыз құтты болсын  
Өнердің артық туған кемеңгері.

Сомдадың Ахметтей алыпты да,  
Мүсін тұр рухтандырып халықты да.  
Өнеріңіз талайды сусындатқан,  
Сіз де осы өңірдегі алып тұлға.

Жасыңыз сексен асып жүзге келіп  
Кейінгілер өседі сізге еріп.  
Мен де сізге табынам, ұстаз тұтып,  
Шалдықпаңыз, шабыңыз аттай желіп.

**Молдакәрім Байсеңгіров,**  
Арқалық Мемлекеттік педагогика  
институтының аға оқытушысы



## Өнерге тағзым

(мүсінші Әбілбек Ұзақұлына)

Өз бағасын осынау алды аймақтан,  
Айтып атар әр күнгі таңдар мақтан.  
Тасқа қашап тұлғасын ұлылардың,  
Сансыз өнер тудырған бал бармақтан.

Ар-намысын жалау ғып жерге тіккен,  
Батырлық парасатты ерге біткен.  
Шынайы жүрегімен тани біліп,  
Мүсіндерін жасаған шеберлікпен.

Әйгілі етіп мүсінмен баршаға атын,  
Өнеріне көрген жан тамсанатын.  
Өнерпаз Әбілбектей ағамызбен,  
Торғай жұрты ерекше мақтанатын  
Ұлылықпен қасиет өз нарқында,  
Өз өнерін өшпестей жазды алтынға.  
Әбен салған мүсін сақталады,  
Бұл даланың төсінде қаз-қалпында.

**Мұқият Қойшыбайұлы.**

2016 жыл



**Көз көрген шеберлікке – жаным куә**  
*(Мүсінші Ә. Ұзақовтың 80 жас-мерейтойына арнау өлең)*

Ұсынбаған билік пен тағыңды да,  
Асау өмір ерікке бағынды ма?  
Өнерді өмір бойы серік етіп,  
Жұмсаған жігер күшін, жалынды да.

Әбеке, құтты болсын сексен жасың!  
Ғұмырды өткердіңіз толымды да.  
Жарқырап сәуле шашып сіз жүріңіз,  
Ешкімнен кенде емес бағың мына.

Әр кезде жолы ашық дарындының,  
Демедік: мүсіндерден табылды мін.  
Еленген еңбектерің – елге ортақ,  
Жадырап жатқандай-ау жаның бүгін.

Мүсіндеп батырды да сомдағансыз,  
Жан-жақты танытуға толғанасыз.  
Күйші, ақын, сәтті шыққан – Еңбек Ері,  
Әр істі шабытпен қолға аласыз.

Өз аға, азаматсыз қатардағы,  
Жақсының жақсылығы ашылғаны.  
Өнерді өрге қарай оздырдыңыз,  
Атақты Хакімжаннан бата алғалы.

Мүсінді бала кезден жасадыңыз,  
Тастан да, мәрмәрдан да қашадыңыз.  
Ұрпаққа сіз жүрген жол үлгі-өнеге,  
Тарихта өшпейді ол, қалады аңыз.

Азырақ жөн көремін тоқталғанды,  
Ер болып жасадыңыз жоқтан барды.  
Бүгінде Амангелді ауданында,  
Жасаған мүсіндерің сақталады.



Өткен күн ойға салды елестерін,  
Өмірдің қилы-қиын белестерін.  
Кабинетік жүйемен оқытуда,  
Әкемнің сізбен білем кеңескенін.

Жаңалық бастау қиын алғанменен,  
Ізгілік ұласты да арманменен.  
Мектебін Жасбуынның әсем етіп,  
Жайнатып жібергенсіз талғамменен.

Қалайша сізге арнау-жыр әкелмейін,  
Серпілтіп бойыңызды көтерейін.  
Қадірлес, ата-анаммен сыйлас болған,  
Көремін сізді өзімнің әкемдейін.

Сырыңыз бар ғой бойда тұнып тұрған,  
Ойыңызды сергектік тұнық қылған.  
Үйдегі асыл жеңгем, балаларыңыз,  
Немере және де бар қызық-думан.



Туғызар әлі Торғай дарынды да,  
Біразы көзге түсіп, танылды да.  
Арнадым осы өлеңді ескерткішке,  
Көз көрген шеберлікке – жаным куә.

Демейсіз: әлі күнге дамылдадым,  
Сезесіз хас өнерде бағың барын.  
Аман-сау жеңгемізбен жүзге келіп,  
Алдағы дара жолдан жаңылмағын.

**Сейтқали Сабыржанұлы,**  
18.04.2016 жыл.



*Мүсінші Әбілбек Ұзақұлының өмірінен фото-суреттер*



*Тарихты тасқа қашаған*



*Тарихи өңірден тараған тұлғалардың мүсіндері*



*Іс-шарадан көрініс*







*Жары Бәтима ана және кеш ұйымдастырушысы  
Әлия Қарсақбайқызымен*



*«Арқа төсінде түлеген тұлға» кешінің қонақтары*



## **Әбілбек Ұзақұлы жайлы жылы лебіздер**

«Осынау 80-ге келетін ат жақты, қыр мұрынды, ұзын бойлы сұп-сұлу өзінің салған мүсініндей Әбекең бүгінде тамырын тереңге жіберген алып бәйтерек, мәуелі бақ, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің және Қостанай облыстық меценаттар сыйлығының иегері, бақытты жар, әке, ата, баба! Біз Әбілбек Ұзақұлымен мақтанамыз, осы топырақтан жаралғанымызға бірге өмір айдынында жүргенімізге, сыйлас іні болғанымызға қуана отырып шүкір дейміз. Әбекеңе алланың берер жасы ұзақ болғай!»

**Жәнібек Гапбасұлы,**  
*«Ардагерлер» кеңесінің төрағасы*

\*\*\*

«Бір ғана әкімдік ғимараты алдында тұрған Ұлт-азаттық көтерілісі басшысы Аманкелді бейнесін әр көрген сайын ойға батып, жаңалықты бірдеңе табамын. «Жастарымызды жат жерге қалдырғанша, туған топырақ бұйырсын» деп атқа қонған көтерілісшілер басшысының терең ойлы, сабырлы, қайсар, елін сүйген ер келбеті қалай тамаша бейнеленген. Ұрпақ үшін одан артық сый бар ма?»

**Жұмағали Өмірбеков,**  
*Күйші-композитор,  
ҚР мәдениет қайраткері*



\*\*\*

«Мүсінші Әбілбек Ұзақұлы шеберлігінің бір айғағы – Қазақстанның халық әртісі Әнуар Боранбаев ескерткішінің жамылғысы ысырылғанда, сыйлас азаматтың асыл бейнесін көріп, көзімізге жас үйірілді. Өнеріне қалың ел риза болған Әбілбек Ұзақұлы мейлінше қарапайым, кішіпейіл, елгезек жан. Мақтау сөздер жаңбырша жауса да, кеуде керуден мүлдем аулақ. Кеше өз қолынан өткерген мүсіндерге қарағыштап, жымияды да қояды».

**Жақсылық Жүнісұлы,**  
*журналист*

\*\*\*

«...Әбілбек Ұзақұлының істеген жұмыстарың көрген адамның оның өмірінде мүсін өнерінің қаншалықты қымбат болғанын түсінеді. Адамның өнердегі бақытын, күндерінің мағыналылығын, өмірінің шындығын, қайратқа толы тағдырын анық байқайды».

**Қойшыбай Мұқият,**  
*ғылыми қызметкер*





## *Мазмұны*

1.Өнерден бақытын тапқан мүсінші.....	3
2.Ә.Ұзақов туралы жарияланған мақалалар тізімі.....	5
3.Ол туралы жарияланған кітаптар.....	7
4.Мирас қылып қалдырды мол мұрасын.....	9
5.Ә.Ұзақұлының жасаған мүсін жұмыстарының тізімі.....	14
6.Ә.Ұзақұлына арналған арнау-өлеңдер.....	17
7.Ә.Ұзақұлының өмірінен фото- суреттер.....	22
8.Ә.Ұзақұлы жайлы жылы лебіздер.....	25



Шығ. жауапты:....К.Б. Борибаева

Құрастырушы:.... С.Ғ. Ермағанбет

Редакторы:.....Ә.К. Ахметжанова

**Басуға 03.03.2021 ж. қол қойылды.**

Қаріп түрі Times New Roman.

Басылымның көлемі 0,3

Таралымы 5

«Арқалық қаласындағы  
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.  
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.  
E – mail:arkounb@mail.ru



